

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
Бракераждық комиссия отырысының  
№1 ХАТТАМАСЫ

06 қыркүйек 2024 жыл

**Қатысушылар:** Бракераждық комиссиясы  
**Өтетін орын:** меңгеруші кабинеті

**Күн тәртібінде:**

1. Жаңа оқу жылына арналған бракераждық комиссияның жұмыс жоспарын бекіту.
2. Тамақтану сапасын қадағалау.

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Г.Уртамбаева: 2024-2025 оқу жылына балабақшаның ас мәзірі сапасын бақылау бойынша бракераждық комиссиясымен таныстырды.

- А.Г.Уртамбаева- комиссия төрайымы;
- А.Е.Алдабергенова - қамқоршылық кеңес төрайымы;
- З.Т.Бурханова – дәмбике;
- А.К.Айжанова - кәсіподақ төрайымы;
- Ф.М.Наурзалиева – шаруашылық меңгерушісі;
- Г.Мұқашева -хатшы

- балабақшада дайын тағамның сапасын анықтау мақсатында бракераж комиссиясының құрылатынын айтты. Оның құрамына мекеме басшысы, әкімшілік, медициналық қызметкер, кәсіподақ төрайымы, өндірістік қызметкер (аспазшы) және ата-аналар кіреді. Балабақша асханасында азық- түліктердің сапасын және ас мәзірін дәмдік сапасын қадағалау, буфеттік тағамдарға бақылау мен санитарлық - гигиеналық нормаларды сақтау мақсатында бракераждық комиссия мүшелері тамақтану мәселесін апта сайын, күн сайын қадағалау керектігін айтты. Медициналық қызметкерлердің міндетіне не жататынын айтып, таныстырды. Сондай -ақ, әрбір бракераж комиссияның мүшелерінің міндеттерімен таныстыра отырып, жылдық жоспарды таныстыру және бекіту қажеттілігі айтылды.

- Екінші мәселе бойынша балабақша дәмбикесі З.Т.Бурханова: Асханадағы санитарлық- гигиеналық жағдайы ай сайын түбегейлі (күн сайын тексеру) рейдтік іс- шаралар жүргізіліп, акт толтыратынын айтты. Ас әзерлеуге қатысты адамдардың денсаулығын бақылау, қадағалау жұмыстары жүргізілетін айтты.

**Шешімі:**

- 1.Балабақшада бракераж комиссия құрамы мен жұмыс жоспары бекітілсін.
- 2.Күнделікті ас мәзіріне сәйкес тамақтануды ұйымдастыруды қадағалансын.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:

*Уртамбаева А.Г.*  
*Мұқашева Г.М.*